

Бұл алпысыншы жылдардың басы болатын. Менің Мәскеуде Г.В.Плеханов атындағы халық шаруашылығы институтының аспирантурасында оқып жүрген кезім. Ғылым, білім қуып, күндіз-түні шықпайтын жеріміз – В.И.Ленин атындағы орталық кітапхана. Оған адам көп барады, сондықтан ерте оянып, кітапхана ашылмастан бұрын оған кіру үшін кезекке тұратынбыз. Ал енді кіргеннен кейін іздеген кітаптарынды, ғылыми еңбектерді тауып алып өз мамандығыңның қыры мен сырына терең үніле рахаттанып қаласың. Кейде оларды қоя салып, еліміздің жүрген жолдарынан, қиын да қызық тарихынан түрлі дерек, мәліметтер жинақталған кітапхананың басқа қоймаларын да аралап кетуші едік-ау!

Сол күндердің бірінде кітапхана асханасында академик Зимановты көрдім. Салық Зиманұлы қолында тамақ салған подносын ұстап, тамақ ішегін орынның босағанын күтіп тұр екен (ол кезде кітапхана асханасында да адам көп жиналатын). Маған, сол кездегі жас аспирантқа: «Апыр-ай, академиктер де кітапханаға келеді екен ғой, олардың да білмейтіндері, іздегендері болады екен ғой», – деген ой келді. Артынан: «мына кісі (мен ол кезде Сәкенмен жүздеспеген едім) еліміздің данқты, әйгіл ғалымдарының бірі, кезегін күтін, о кісіден босаған орынға тамақ ішуге мен отырайын, ғылыми ізденісті енді ғана бастап жүрмін, мүмкін жолын берер», – деген үміт үшқыны жылт-жылт етті.

Таныстығымыз болмаса да Сәкеннің есіміне біз, жастар, сол кездің өзінде-ақ қанық едік. Өйткені Салық Зиманұлының әуелден-ақ қазақ парасатын, зиялы қауымның көшін бастайтын шоғыр топта көрнекті орны болатын. Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Әбділдә Тәжібаев, тағы басқа ақиық ақын-жазушыларымыздың кемелденген шағы, баспадан шыққан туындылары, істеген істері, айтқан сөздері жұртшылыққа тез тарап, есімдері халық аузында үлкен ілтипатпен айтылатын кезі.

Қаныш Сәтбаев, Әлкей Марғұлан, Сақтаған Бөйішев, тағы басқа ғылым жетекшілерінің есімдері кеңінен танымал болып, аттарын ел үлкен ризашылық, мақтанышпен атайтын кезі. Біз студент жастар, кейінгі жас ғалымдар, олардың еңбектерін ғана емес, ел алдында айтатын сөздерін өз құлағымызбен естуге тырысатынбыз. Кейде өз мамандығымызды тастап, солардың халықпен әртүрлі кездесулеріне қатысуға асығатынбыз. Сол кезеңде халық зиялыларының өсіп келе жатқан ұрпаққа, олардың ой-санасының қалыптасуына, азамат ретінде өсіп-жетілуіне деген ықпалы зор болатын.

Міне, осындай халық құрметтейтін, біз жастар, үлгі ұстайтын ағаларымыздың қатарында, олардың көбінен жасы кіші екеніне қарамастан өзіне тән көрнекті орны бар Салық Зиманұлы болатын. Аса дарынды ғалым терең ізденістерімен, асқан шешендігімен (орыс тілінде), зор парасатымен ел аузына жастай ілінді. Қазақстандағы жоғары оқу орындарының ең жас ректоры (заң институты), бірден Ұлттық Ғылым академиясының академигі болып сайланды, қоғамдық мәні зор

көптеген, оның ішінде халқымыздың рухани қазынасына тікелей қатысы бар, ауқымды мәселелерді көтеріп, жұртшылық назарын аудара білді.

Дәл сол бір кез тоталитарлық идеология мен қасаң тәртіптің барынша дамып, түлеген кезі еді. Қазақ тарихының келелі беттерін шындықпен айтқаны үшін көрнекті ғалым Ермұхан Бекмахановтың қудалауға түсіп, басқа да зиялылар халқымыздың өткен

бағыттары туралы жаңа мәліметтер, ұтымды ойлар, тиянақты деректер жұрт назарына ұсынылды.

Әрине, осындай туындылар авторының есімі ел аузына тез ілікті болды, үйде де, әр түрлі жиындарда да ғалым көтерген мәселелер маңызды әңгіменің жні өзегіне айналды. Біздің Сәкен есімін білетін себебіміз осыдан еді. Жасы өлі қырыққа толмаған мен, ел құрметтейтін, қалыптасып үлгерген

Кенжеғали САҒАДИЕВ, академик.

АТЫ АЯН ҚАЗАҚ



жолдарына жанашырлық көрсеткені үшін қуғын-сүргінге кезіккен уақыты.

Міне, осындай қым-қиғаш пікірталастың, қазақ тарихына, оның рухани қазынасына терең үңілгендерге идеологиялық аппарат тарапынан оларға үрке, секене көз тіккен кезінде, арасына екі-ақ жыл салып Сәкеннің «Қазақтардың XIX ғасырдың бірінші жартысындағы қоғамдық құрылысы» (1958 ж.) және «XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақстанның саяси құрылымы» (1960 ж.) аттас екі үлкен, өте көлемді монографиялары шықты. Бұл қоғамдық ғылым әлемінде аса елеулі оқиға болды, бұрын халық біле бермейтін, бірақ біздің көзқарасымыздың қалыптасуына, елдің рухани қазынасына дербес үлес қосқан бұдан бір-екі ғасыр бұрын өткен көптеген данышпандарымыздың есімі аталды, қазақтың, Қазақстанның өткен замандардағы қоғамдық, саяси жүйе,

осы ағамызға ұқсас екен деп те армандайтынбыз. Жоғарыда айтылған Мәскеудің орталық кітапханасының асханасында Сәкен тамақ ішкен орынға отыруға кезек күткен қиялымыз да сондай себептен туған еді.

Міне, содан бері арада қанша уақыт өтті. Сәкенмен жақынырақ таныстық, кешіңгі жылдарда сырлас болдық, қазақ елінің бүгін мен ертеңі туралы, ғылымның шығар таулары туралы талай пікір алыстық, ол кісінің тұңғықта терең, өте дәлелді болжамдарын естідік. Отбасымыз араласты. Сәкеннің жұбайы, қадірлі Шәрбан апамыз өте бір парасаты мол, мейірімді адам болып шықты. Текті атадан тараған, атакты Жарылғап батырдың ұрпағы Шәрбан Батталқызы Қазақстан ғылымының жетекші тобында болды, Ұлттық Академияның толық мүшесі. XX ғасыр тарихында Қазақстан ғылымында ерлі-зайыпты екі академик шыққан екі-ақ отбасы болды. Бірі – Нәйлә Оразғұлқызы Базанова мен Фазыл Мұхамедғалиұлы отбасы, екіншісі Шәрбан Батталқызы мен Салық Зиманұлы еді. Ғалымдар ортасында осындай үздік шыққан ағаларымыз бен апаларымызды айтып, әр уақытта мақтан етеміз.

Сәкенмен жиырма жылға жуық бірге саятшылық «аңшылық» жасадық. Табиғатты керемет жақсы көреді, жаяу жүріске алдына жан салмайды. Кей кезде ұшатын қаздың алдын күтін отырыңыз деп тастап кеткен жерімізден ол кісіні таба алмай, одан 5–6 шақырым алыс жерден кездестіретінбіз, Сәкен жойқын күштің иесі. Бірде Наурызым қорығында күс аттық. Ит мұрыны кірмейтін нар қамыстың ортасындамыз. Атқан құсымыз қамыстың ішіне құлайды. Нар қамысты қақ жарып, бір-екі қазды аламыз, қалғанын іздеуге күш, дәрмен жоқ. Жалғыз Сәкен сол жердегі дәрменсіз 4-5 аңшының түсірген құсын жалғыз өзі жинап, бізді танқалдыратын.

Жақсы араласатынымызды пайдаланып, әңгімені ұсақ-түйекке бұрып кеттім бе, қалай. Дегенмен Сәкеннің кеңсе мен үйде ғана емес, түзде де өзін өте тәртіпті ұстайтынын, өзінің серіктестеріне барынша жайдары, жайлы екенін айтпауға болмайды.

Біз мақаламызға ерекше тұлға деген айдар тақтық. Оның дәлелі мол. Соғыстан келгеннен кейін 60 жыл бойына Сәкен ғылыми жұмыстармен шұғылданып келеді. Содан бері заң, құқық жағдайы, оны жетілдіру, реформалау туралы көптеген ауқымды

мәселелерді көтере білді, тиімді шешімін ұсынды, ормандай қалың шәкірт өсірді. Бүгін Салық Зиманұлы – осы заңгерлер қауымының барлығы бас иетін осы ілімнің нокта ағасы. «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы – Майқы би» деген сияқты, бүгін заң, құқық реформалары туралы аталы соңғы сөзді Сәкен айтады, осы саланы басқарып жүрген лауазымы өте биік азаматтар осы Сәкене келіп жүгінеді. Сәкеннің өресі өте биік, іргелі ғылымның озық қайраткері екенін кеше Қазақстан егемендік алып, ол туралы декларация қабылдағанда және де дербес еліміздің Ата заңын қабылдағанда көрдік. Жалғыз өзі осы егемендігіміздің іргесін қалайтын негізгі заңдарымызды құрастырып, шет ел тәжірибесін қолынан пайдаланып, осы қағидалардың дұрыстығын үкіметке де, парламентке де, қала берді бүкіл халыққа да дәлелдеп бергені ерлік емес пе. Тек осы еңбегі үшін Салық Зиманұлының есімі тәуелсіз Қазақстан тарихында мәңгілік қалады және алтын әріппен жазылады.

Академик Зиманов тек қана заңгер емес, бүкіл Қазақстан ғылымының жетекші қайраткері. Жарты ғасырға жуық еліміздің ғылымының дамуына қосқан үлесі зор. Әртүрлі жауапты мінбелерден, баспасөз бетінен Сәкеннің ғылымға жаны ашып айтқан жалынды сөздерін, ұтымды ұсыныстарын жиі естиміз. Ғылымның келешегі үшін күресте нағыз табандылық көрсетіп жүрген де Сәкен. Салық Зиманұлы үшін еліміздің ғылымы соңғы ғасырда тапқан үлкен байлығымыз, одан айырылып қалмай, жан-жақты дамытуымыз керек. Іргелі ғылым халықтың санасын дұрыс қалыптастыратын, келешекке, өркениетке, парасатқа жетелейтін сара жол, оны алақанға салып мөпелеп, ең қымбатымыз деп жан-жақты қамқорлық көрсетуіміз қажет.

Міне, Сәкен уағыздайтын және өз өмірінде ұстайтын негізгі қағидалары осы. Оларға ой жүгіртсек, ағамыздың парасатының патшалығына таң қаласың, оның қайраткер, күрескер, ерекше тұлға екендігінде ешбір күмән жоқ. Жалпы қоғамда, әсіресе зиялы қауым һәм ғалымдар ортасында Салық Зиманұлы бәріміз құрметтейтін Ардақтымыз. Ағамыз бүгін де ізденіс үстінде.

Бүгіндері академик Зимановтың тікелей басқаруымен 10 томдық Қазақтың Ата заңдары туралы жинақ шығарылып жатыр. Сәкеннің өз сөзімен айтқанда бұл жинақта «ғасырлар бойы шаң басқан тарихты тіріліп, оны шындық сағысына қарай көтерілуімізді өзімізге міндет етіп алдық... Бұл көптомдық «көшпелі өркениет» дәуіріндегі қазақтың құқықтық жүйесінің адамзат тарихындағы қайталанбас бет-бейнесі бар, сүбелі мұра екендігін паш етеді». Міне, бүгінгі күні академик ағамыздың ғылым кеңістігінде қол бастап кіріскен еңбегінің ауқымы мен шырқау биігі осындай ғажайып. Сәкеннің ғылым жолындағы ізденіс табысы әлі баяулаған жоқ. Оның әр күні шуақты, тіпті жемісті десек болар. Мұны Алла берген Қуат деу орынды. Ол – табиғатынан Қаһарман адам, сол қасиетін өмірде дәлелдеп келе жатыр. Шүкір етелік, ағамыз сол Тұлғалық дара қалпынан танбаса, сол олжа, өйткені ол бүгінгі Тәуелсіз қазақ қауымына керек Адам. Жақында бірге демалғанымыз бар, Ағамен болған әр күн көңіл маркайты.